

**«КаР-Тел» ЖШС-нің \_\_\_\_\_ жылғы**

**№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен**

**«Бекітілген»**

**«Beeline» СБ білдіретін «КаР-Тел» ЖШС жүзеге асыратын «Коалициялық адалдық бағдарламасы» жобасы шеңберінде Клиенттерге «Simply» бонустарын ұсыну жөніндегі акцияны өткізу қағидалары**

**Астана қ.,  
2026 ж.**

## **1. Жалпы ережелер.**

1.1. Осы «Коалициялық адалдық бағдарламасы» жобасы шеңберінде Клиенттерге «Simply» бонустарын ұсыну бойынша акцияны өткізудің осы Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар), оның ұйымдастырушысы «КаР-Тел» ЖШС (Beeline СБ), мынадай құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2016 жыл 26 шілдедегі «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңы (бұдан әрі – Төлемдер туралы Заң);
- Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 202 «Қазақстан Республикасының аумағында электронды ақшаны шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электронды ақшаның эмитенттеріне және электронды ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 «Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 11 «Төлем ұйымдары үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысы.

1.2. «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС, Төлемдер туралы Заңға сәйкес төлем қызметтерін және Жарғыда көзделген өзге де қаржылық емес қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті төлем ұйымы бола отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде міндетті есептік тіркеуден өткен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес төлем қызметтерін көрсетеді.

1.3. Осы Қағидаларда Төлемдер туралы Заңда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Абонент – «КаР-Тел» ЖШС ұялы байланыс операторының абоненті болып табылатын жеке тұлға, ол төменде көрсетілген біліктілік әрекеттерін орындаған:

- төлем қызметтерін көрсетуге, электронды әмиянға Simply/Симпли қол жеткізу құралын беруге және электронды ақшамен жасалатын операцияларды сервистік қолдауға қатысты келісімнің талаптарын оларға толықтай қосылу жолымен, атап айтқанда, аталған келісімнің талаптарын акцепттеуге бағытталған конклюдентті әрекеттер жасау арқылы қабылдады;

- «Janymda» Мобильді қосымшасында жеке кабинетті тіркеді.

2) Абоненттік нөмір – ұялы байланыс операторының желісіне қосылу сәтінде ұялы байланыс операторы беретін және өзге абоненттік құрылғылармен қосылған кезде желіге қосылған ұялы байланыс Абоненттік құрылғыны айқындайтын Абоненттік телефон нөмірі. Ұялы байланыс Абоненттік құрылғысы қысқа мәтінді хабарламаларды (SMS, PUSH, USSD) қабылдау және жіберу мүмкіндігін көздеуі тиіс.

3) Абоненттік шарт — Оператордың ұялы байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі жария шарты немесе интернетке қосылу қызметі бойынша жария шарты.

4) Абоненттің Бонус теңгерімі – Абоненттік нөмірдің Жеке шоты немесе электронды ақшаның әмияны болып табылмайтын, Оператордың мүддесі үшін өз ақпараттық жүйесінде үйлестіру қызметін көрсететін баланстық есеп санаты.

5) Интегратор – «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 070940019233), ол Операторға коалициялық адалдық бағдарламасының аясында өз ақпараттық жүйесіндегі бонус баланстарын есепке алу бөлігінде ақпараттық-технологиялық қызмет көрсету қызметтерін ұсынады.

6) Коалициялық адалдық бағдарламасы (бұдан әрі мәтін бойынша – КАБ) – әртүрлі тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатушыларын бірыңғай жеңілдік жүйесімен біріктіру, оның шеңберінде Интегратор ұялы байланыс Операторымен бірлесіп бонустарды есептеу және төлеу жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Коалициялық типтегі адалдық жүйесінің ортақ атауы, бірыңғай тұжырымдамасы болады және серіктестердің өзара іс-қимылы мен өзара есеп айырысу қағидаларын айқындайды;

7) Клиент/Пайдаланушы – «КаР-Тел» ЖШС-мен ұялы байланыс қызметтерін және олармен байланысты өзге де қызметтерді көрсету туралы Шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ Абоненттің нұсқамасы негізінде Абоненттің Төлемдерді және өзге де операцияларды жүзеге асыруы мақсатында Оператордың өзінің Ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді ұсыну және Абоненттің Электронды әмиянын және Банктік шотын Толықтыру қызметтерін пайдаланушы.

8) Абоненттік нөмірдің Жеке шоты – ұялы байланыс қызметтерін және олармен байланысты өзге де қызметтерді көрсету шарттарының жария шартына сәйкес аванстық есеп айырысу сызбасы шеңберінде Абонент енгізетін сомаларды есепке алу үшін Оператор қолданатын баланстық санат;

9) «Simply» Мобильді қосымшасы – тіркеу рәсімінен кейін Клиентке өзінің электронды әмиянын басқару мүмкіндігі берілетін, өзіне-өзі қызмет көрсету және сервистер мен қызметтерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі. Әмиянды басқаруға қызметтерді қосу/өшіру, Simply электронды әмияны н шығару, Simply электронды әмияны н Мобильді қосымша арқылы пайдалану, Simply электронды әмияны н бұғаттау/бұғаттан шығару, лимиттерді басқару, әмиянда орналасқан электронды ақшаны билік ету, пайдаланылған қызметтер бойынша детализация алу, сондай-ақ өзге де әрекеттерді жасау жатады;

10) «Janymda» Мобильді қосымшасы – тіркеу рәсімінен кейін Абонентке өзінің нөмірін басқару мүмкіндігі берілетін, өзіне-өзі қызмет көрсету және сервистер мен қызметтерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі. Нөмірді басқаруға нөмірге қызметтерді қосу/өшіру, тарифтік жоспарды өзгерту, Жеке шотта орналасқан ақша қаражатын билік ету, пайдаланылған қызметтер бойынша детализация алу, сондай-ақ өзге де әрекеттерді жасау жатады;

11) Ұялы байланыс операторы (бұдан әрі – Оператор) - «КаР-Тел» ЖШС (Beeline TM), ол Қазақстан Республикасы аумағында GSM стандарты бойынша ұялы байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметпен айналысуға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет етеді, МТК №ДС0000317, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі 24.08.1998 ж. берген.

12) Келісім – Simply электронды әмияны бойынша төлем қызметтерін көрсетуге және электронды ақшамен операцияларды сервистік қолдауға қатысты Келісім, [kempay.kz/ru/doc](http://kempay.kz/ru/doc) сайтында орналастырылған.

13) КАБ белсенді пайдаланушысының мәртебесі – Абоненттің мәртебесі, оны Интегратор Оператордың тапсырмасы бойынша Пайдаланушыға тағайындайды, ол алдын ала есептелген кейінге қалдырылған резервтелетін бонустарды пайдалану құқығын іске асыру мақсатында Бонус теңгерімін қатарынан 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн ішінде кемінде бір рет пайдаланған.

14) КАБ белсенді емес пайдаланушысының мәртебесі – Абоненттің мәртебесі, оны Интегратор Оператордың тапсырмасы бойынша Пайдаланушыға тағайындайды, ол алдын ала есептелген кейінге қалдырылған бонустарды пайдалану құқығын іске асыру мақсатында Бонус теңгерімін қатарынан 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн ішінде кемінде бір рет пайдаланбаған және/немесе Жеке шот бұғатталған жағдайда Оператордың талабы бойынша құжаттарды ұсынбаған.

15) Simply бонустары – Коалициялық адалдық бағдарламасының сыйақы сомалары, олар Оператор тарапынан мақсатты әрекеттерді орындағаны үшін Абоненттің Бонус теңгеріміне алдын ала есептелген кейінге қалдырылған резервтелетін бонустар нысанында есептеледі.

Алдын ала есептелген кейінге қалдырылған резервтелетін бонустарды пайдалану құқығын алу үшін Абонент мынадай шарттардың жиынтығын орындауы тиіс:

- осы Қағидалардың 4.2-тармағында көрсетілгендердің ішінен Оператордың өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі «Janymda»-да ерік білдіру әрекетін жасау;
- КАБ белсенді пайдаланушысының мәртебесінде болу;
- Оператордың белсенді Абоненті болып табылу;
- акция өткізу кезеңінде бонустар алуға бағытталған операцияларды жасау.

## **2. Жалпы шарттар.**

2.1. Интегратор Оператордың КАБ-ін бонус баланстарын пайдалана отырып іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетеді, осы ретте Абонент төмендегілермен келіседі:

Абонент КАБ шеңберінде Клиенттерге «Simply» бонустарын ұсыну акциясына, төменде келтірілген біліктілік әрекеттерінің екеуін орындаған жағдайда, қатысуға құқылы:

2.1.1. Simply электронды әмияны бойынша төлем қызметтерін көрсетуге және электронды ақшамен операцияларды сервистік қолдауға қатысты Келісімнің талаптарын оларға толықтай қосылу жолымен, атап айтқанда, төлем қызметтерін көрсету туралы келісімнің талаптарын, электронды әмиянға Simply/Симпли қол жеткізу құралының берілуін және электронды ақшамен операцияларды сервистік қолдауды акцепттеуге бағытталған конклюденттік әрекеттер жасау арқылы қабылдады (бұдан әрі – Келісім); сондай-ақ

2.1.2. КАБ шарттарын акцепттеуге бағытталған конклюденттік әрекеттер жасау арқылы бонустарды ұсыну туралы Келісімнің талаптарын қабылдады (акцептті тіркеу және КАБ Бағдарламасына қосу үшін «Janymda» қосымшасында бастапқы тіркеуден өту немесе қайта авторизациялау).

Осы ретте, егер Simply электронды әмияны Пайдаланушының бастамасы бойынша не өзге себептермен жабылған болса, ақпараттық жүйелердің техникалық шектеулеріне байланысты КАБ Бағдарламасына қайта қосу мүмкін болмайды.

2.2. КАБ Қағидаларының, оның ішінде Клиенттерге «Simply» бонустарын ұсыну акциясының ұйымдастырушысы және иесі Оператор болып табылады.

2.3. Оператор Абоненттің қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі мақсатты әрекеттері үшін Абоненттің Бонус теңгеріміна Оператор қаражаты есебінен бонустарды есептейді, бұл Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 370-бабының 7) тармақшасына сәйкес жеке тұлғаның табысы болып саналмайды.

2.4. Simply бонустары электронды ақша, ақшалай қаражат, аванс, алдын ала төлем немесе Оператордың не Интегратордың Абонент алдында өзге де қаржылық міндеттемесі емес, қолма-қол ақшаға айырбастауға, үшінші тұлғаларға аударуға жатпайды, оларды ақшалай түрде өтеу жөнінде міндеттеме туындатпайды және осы Қағидалардың шеңберінде ғана пайдаланылады.

2.5. Бонустар Абоненттің Бонус теңгерімінде жинақталады, ол Оператордың «Janymda» өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесінде көрсетіледі.

2.6. Бонустарды мынадай тәсілдермен пайдалануға болады:

- Оператордың «Janymda» өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесінде Абоненттік нөмірдің Жеке шотына тікелей шығару;

- Оператордың «Janymda» өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесінде Абоненттік нөмірдің Жеке шотына шығару және кейін «мобильді қаржы» функциясы шеңберінде тауарлар мен қызметтерді сатып алуда дәйекті түрде пайдалану.

Аталған екі пайдалану тәсілі де Оператордың қызметтеріне арналған алдын ала есептелген кейінге қалдырылған резервтелетін бонустарды пайдалану жөніндегі Абоненттің ерік білдіру әрекеті болып табылады.

2.7. Осы Қағидалар жарияланған күндегі жағдай бойынша бонустарды пайдалану кезінде 1 (бір) бонус 1 (бір) қазақстандық теңгеге тең.

### **3. Өтетін мерзімі**

3.1. «Simply» бонустарын Клиенттерге ұсыну бойынша акцияны өткізу кезеңі — 01.11.2023 жылдан 31.12.2026 жылға дейін, оны ұзарту мүмкіндігімен, бұл туралы Оператор осы Қағидалардың тиісті редакциясына енгізілетін өзгерістерді жариялау арқылы хабарлайды.

### **4. Бонус ұпайларды аудару**

4.1. «Simply» бонустарын Клиенттерге ұсыну жөніндегі акция шеңберінде Абоненттерге бонустар беріледі, олардың саны Абоненттің КАБ шеңберінде орындаған мақсатты әрекеттерінің көлеміне байланысты айқындалады.

4.2. Бонустар КАБ қолданылу кезеңінде Оператордың немесе Интегратордың өкімі/бұйрығымен белгіленген тәртіпте Абоненттерге есептеледі. Бонустар Оператордың ұялы байланыс қызметтерін және мобильді қаржылық сервистерін пайдалану үшін (салықтарды ескере отырып, баланс бойынша жалпы есептеулер) Оператордың ұялы байланыс қызметтерін көрсету және олармен байланысты өзге де қызметтер көрсету шарттары туралы шарт бойынша алынған деректер негізінде, Оператордың есебі бойынша және <https://bee.gg/e/web-promo-janymda-bonus> сайтында көрсетілген мерзімдерде есептеледі.

4.3. Есептелген бонустар санының өзгертілуі Интегратор тарапынан тек Оператордан алынған ақпарат негізінде жүзеге асырылады және толықтығы мен есептеу қағидалары бөлігіне қатысты түсіндірілмейді.

4.4. Абонент Бонус теңгерімін «Janymda» Мобильді қосымшасында және «Simply» Мобильді қосымшасында біле алады.

4.5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Оператор бонустарды есептеуді себептерін түсіндірместен толықтай немесе ішінара тоқтата тұруға, шектеуге не тоқтатуға құқылы.

4.6. Оператордың тіркелген көтермеленген бонусы бар тарифтерінде «Simply» базалық бонустары есептелмейді. Мысалы: Абоненттің «Премиум Отбасы 6» тариф жоспары бойынша тіркелген көтермеленген бонусы бар болса, бұл жағдайда абоненттік төлемнің 3% мөлшеріндегі «Simply» базалық бонустары есептеуге жатпайды.

### **5. Бонустардың жарамды мерзімі.**

5.1. Бонустар Абонентке 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн мерзіміне есептеледі.

5.2. Бонустар Клиенттің келісімінсіз, Абоненттің Бонус теңгерімінің нақты қалдығы мөлшерінде мынадай жағдайларда біржақты тәртіппен күшін жоюға жатады:

- егер бонустар Клиенттің Бонус теңгеріміне қате есептелсе, Оператор Бонус теңгерімінен қате есептелген Бонустар сомасына тең бонус сомасын есептен шығарады;
  - Бонус теңгерімі бойынша соңғы операция жасалған күннен бастап 180 (жүз сексен) күн ішінде бұрын есептелген бонустар пайдаланылмаған жағдайда;
  - Интегратордың СЭД жүйесінде Simply электронды әмияны жабылған жағдайда, осының салдарынан осы Қағидалардың 2.1-тармағына сәйкес келмеу туындаса;
  - бонустардың қате есептелуіне себеп болған техникалық қате анықталған жағдайда, Оператор Абоненттің келісімінсіз бонустық теңгерімді түзетуге, оның ішінде қате есептелген бонустарды есептен шығаруға құқылы;
  - Клиент тарапынан Simply электронды әмиянын пайдалану шарттарының немесе Келісімнің шарттарының және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарының бұзылуы кезінде.
- 5.3. Абонент Оператормен жасасқан ұялы байланыс қызметтерін және олармен байланысты өзге де қызметтерді көрсету туралы шартты бұзған (оны пайдаланудан біржақты бас тартқан) жағдайда, бонустар сомасы күшін жояды және қалпына келтіруге не ақша баламасында төлеуге жатпайды.
- 5.4. Оператор және/немесе Интегратор Абоненттің операциялары кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы, антифрод-саясаттарды не ішкі комплаенс-бақылау рәсімдерін бұзу күдігін туғызған жағдайларда, бонустарды есептеуді, пайдалануды тоқтата тұруға немесе оларды күшін жоюға құқылы.
- 5.5. Абонентті Оператордың және/немесе Интегратордың өнімдерін пайдалану ережелерін, АМЛ/антифрод саясаттарын, этика және комплаенс нормаларын бұзғаны үшін аталған өнімдерді пайдаланушылар қатарынан шығару кезінде бонустар сөзсіз күшін жояды және қалпына келтіруге не ақша баламасында төлеуге жатпайды.

## **6. Бонустарды үшінші тұлғаларға беру.**

- 6.1. Бонустар басқа абоненттік нөмірлердің және (немесе) Абоненттердің бонустарымен біріктірілуге (жиынтықталуға) жатпайды және қандай да бір тәсілмен үшінші тұлғаларға берілмейді.

## **7. Басқа шарттар.**

- 7.1. Оператор осы Қағидаларды және Клиенттерге «Simply» бонустарын ұсыну жөніндегі акцияның шарттарын кез келген уақытта, біржақты тәртіппен өзгерту құқығын өзіне қалдырады, бұл туралы алдын ала хабарлау үшін тиісті ақпаратты [beeline.kz](http://beeline.kz) және [www.simply.cards](http://www.simply.cards) интернет-ресурстарында жариялайды. Өзгерістер жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және өзгерістер күшіне енген күннен кейін есептелген бонустарға қолданылады. Өзгерістер күніне дейін есептелген бонустар олар есептелген күндегі қолданыста болған шарттар бойынша пайдаланылады.
- 7.2. Оператор және Интегратор өздеріне байланысты емес себептер бойынша бонустарды пайдалану мүмкін еместігі үшін жауап бермейді, оған байланыс желілеріндегі, банктердегі, төлем жүйелеріндегі іркілістер, үшінші тұлғалардың бағдарламалық қамтамасыз етуіндегі ақаулар және өзге де жағдайлар жатады.

## **8. Шағымдар және оларды қарау мерзімі**

- 8.1. Осы Қағидалар шеңберіндегі акцияларды өткізу шарттарына қатысты кез келген шағым акция өткізу кезеңінде Абонент тарапынан Оператордың электронды поштасына жіберілуі тиіс. Шағымды тіркеу күні ретінде Оператордың Шағымды алған күні есептеледі.
- 8.2. Абонент Шағымның мәнін егжей-тегжейлі әрі түсінікті баяндауы тиіс. Шағымда Абоненттің тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны және Абоненттік нөмірі, сондай-ақ шағымға жауап жіберілетін Абоненттің электронды поштасы көрсетілуі тиіс.
- 8.3. Барлық шағым Оператор алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күнде қаралады. Барлық жауап шағымда көрсетілген мекенжай бойынша Абонентке электронды пошта арқылы жіберіледі.
- 8.4. Оператор шағымдарды осы Қағидаларға, Абоненттік шартқа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына негіздей отырып қарайды.
- 8.5. Абонентке шағым нысанасы бойынша Оператордың шешімі электронды пошта арқылы хабарланады. Сонымен қатар Абонент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға құқылы.
- 8.6. Уәкілетті мемлекеттік органдардың өтініштері мен шағымдары бойынша жауап беру мерзімі сұрау салуда көрсетілген мерзімге сәйкес айқындалады, бірақ сұрау салу алынған сәттен бастап 10 (он)

күнтізбелік күннен аспайды. Жауап құжаттық негіздемесімен және растайтын материалдардың көшірмелері қоса тіркеле отырып, жазбаша түрде ресімделеді.

8.7. Бонустарға қатысты мәселелер бойынша қызмет көрсетуді Интегратор (Simply) жүзеге асырады. Simply қолдау қызметінің байланыс телефоны және электронды поштасы simply.cards сайтында жарияланған: кері байланыс нысаны (<https://www.simply.cards/обратная-связь>), Telegram мессенджері ([https://t.me/simply\\_kazakhstan\\_bot](https://t.me/simply_kazakhstan_bot)), пошта ([simplysupport@kazeuromobile.kz](mailto:simplysupport@kazeuromobile.kz)).